

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының шешімімен

(2022 жылдың 25 ақпанындағы  
№27 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2022 жылдың 09 наурызынан бастап

**қолданысқа енгізілді**

## Қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу **Ә Д І С Т Е М Е С І**

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 толықтырулар:**

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ басқармасының шешімімен (2023 жылдың 15 тамызындағы № 85 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2023 жылдың 25 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) есептейтін қор нарығының индекстері мен индикаторларының тізбесін және осы индекстер мен индикаторларды есептеу тәртібін анықтайды, сондай-ақ Индекстер мен индикаторлар бойынша комитеттің (бұдан әрі – Комитет) Биржа Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы органның ерекше өкілеттіктерін анықтайды, оның міндеттері қор нарығының индикаторларын есептеу үшін тізімдер мен параметрлерді қалыптастыру, сондай-ақ қор және ақша нарықтарының индикаторларын есептеу әдістемелерін жетілдіру мәселелері бойынша сараптамалық тезистерді қалыптастыру болып табылады.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Әдістемеді Биржаның басқа ішкі құжаттарымен анықталған ұғымдар қолданылады.
2. Осы Әдістеменің мақсаттары үшін:
  - 1) халықаралық қаржы ұйымдарының мемлекеттік бағалы қағаздары эмитенттерін қоспағанда, "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті болып танылатын, эмитенті заңды тұлға болып табылатын кез келген борыштық бағалы қағаздар корпоративтік облигациялар деп түсініледі;
  - 2) мәмілелер деп Биржа өткізетін сауда-саттықта жасалған мәмілелер түсініледі;
  - 3) өтінімдер деп Биржа өткізетін сауда-саттықта мәмілелер жасасуға арналған өтінімдер түсініледі;
  - 4) қандай да бір қаржы құралы үшін нәтижелі күн деп осы қаржы құралымен Биржаның сауда-саттық жүйесінде ең болмағанда бір мәміле жасалған күн түсініледі;
  - 5) "таза" баға деп борыштық бағалы қағаздың ол бойынша жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағандағы бағасы түсініледі;
  - 6) сауда-саттық күні деп параметрлері тиісті индекстің немесе индикатордың есебіне енгізілген атаулардың қаржы құралдары бойынша сауда-саттық күні түсініледі.
  - 7) мүдделі тұлғалар деп қор нарығында тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі бар және Комитет мүшесі болып табылмайтын және индекстерді және/немесе индикаторларды қалыптастыру процесіне қатысатын тұлғалар түсініледі.
3. Биржа қор нарығының мынадай индекстері мен индикаторларын (бұдан әрі – индекстер және/немесе индикаторлар) есептейді:
  - 1) акциялар нарығын капиталдандыру;
  - 2) KASE индексі – Қазақстан Республикасының резиденттері – аса ірі және қаржылық тұрақты компаниялар шығарған Биржаның ресми тізімінің ең өтімді акцияларының жиынтық нарықтық құнының өзгеруін көрсететін акциялар нарығының индексі;
  - 3) Биржада сатылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының жиынтық номиналды құны және жиынтық нарықтық құны;
  - 4) өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелмеген Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының индекстері (агрегацияланған индекстер) және өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша

сегменттелген: бір жылдан аз (s); бір жылдан бес жылға дейін (m); бес жылдан және одан да көп (l) серияларды қамтиды:

- KZGB\_CP\* – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағанда бағалар бойынша есептелетін мемлекеттік бағалы қағаздардың "таза" бағаларының баға индексі;
- KZGB\_DP\* – жиынтық табыстың баға индексі (есептелген купондық сыйақыны және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып);
- KZGB\_Y\* – кірістілік көрсеткіштері, жылдық пайызбен;

*(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*

- 5) корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық номиналды құны;
- 6) KASE\_BM\* сериялы корпоративтік облигациялар нарығының индикаторлары:
  - KASE\_BMY – Биржаның ресми тізімінің негізгі алаңындағы корпоративтік облигациялардың кірістілік индикаторы;
  - KASE\_BMC – Биржаның ресми тізімінің негізгі алаңының корпоративтік облигацияларының "таза" бағасының индексі;
- 7) KASE\_BA\* сериялы корпоративтік облигациялар нарығының индикаторлары:
  - KASE\_BAY – Биржаның ресми тізімінің баламалы алаңындағы корпоративтік облигациялардың кірістілік индикаторы;
  - KASE\_BAC – Биржаның ресми тізімінің баламалы алаңының корпоративтік облигацияларының "таза" бағасының индексі;
- 8) бағалы қағаздар бойынша жабылу бағалары.

## 2 бап.

### Қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеудің жалпы шарттары

1. Бағалы қағаздар бойынша жабылу бағаларын қоспағанда, қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу үшін Биржа параметрлері осындай есеп айырысу мақсатында пайдаланылатын бағалы қағаздардың өкілетті тізімдерін қалыптастырады.

Индекстер мен индикаторларды есептеу тәртібі осы Әдістеменің 3-8 баптарында келтірілген.

2. Бір атаудағы бағалы қағаздардың KASE Индексінің немесе корпоративтік облигациялар нарығы индикаторларының мәніне әсері осы Әдістемеді анықталған шектеу коэффициентін пайдалану жолымен шектеледі.
3. Қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу KASE Индексіні қоспағанда, бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күні аяқталғаннан кейін күн сайын жүзеге асырылады, оның есебі KASE Индексіні есептеу үшін өкілетті тізімдегі атаулардың акцияларымен мәмілелер жасасуға қарай акциялар бойынша сауда-саттық күні барысында жүзеге асырылады (осы мәмілелердің орындалуына қарамастан).
4. Биржа қор нарығының индекстері мен индикаторларының мәндерін математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша дөңгелектеу арқылы (беске дейінгі сандар нөлге дейін азаяды, ал бес және одан жоғары сандар онға дейін артады) үтірден кейін екінші таңбаға дейінгі дәлдікпен есептейді және жариялайды олардың мәндері математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша дөңгелектеу арқылы (беске дейінгі сандар нөлге дейін азаяды, ал

бес және одан жоғары сандар онға дейін артады) үтірден кейінгі төртінші таңбаға дейінгі дәлдікпен есептеледі және жарияланады.

Қазақстан Республикасының Биржада сатылатын мемлекеттік бағалы қағаздарының жиынтық номиналды құнының және жиынтық нарықтық құнының мәндері математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша дөңгелектеніп (беске дейінгі сандар нөлге дейін азаяды, ал бес және одан жоғары сандар онға дейін ұлғаяды), үтірден кейін екінші таңбаға дейінгі дәлдікпен миллиард теңгемен жарияланады. Ақпараттық мақсаттар үшін Биржа осы мәндерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есеп айырысу күнгі ресми бағамы бойынша өзге шетел валютасында жариялай алады.

5. Индекстер мен индикаторларды есептеу кезінде:

- 1) егер индексті немесе индикаторды есептеу тәртібімен өзгесі белгіленбесе, Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін Сауда-саттық өткізу әдістері туралы қағидада (бұдан әрі – Қағида) анықталғандай, ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелер пайдаланылады;
- 2) репо операцияларына қатысты мәмілелердің параметрлері, сондай-ақ осындай мәмілелерді жасасуға арналған өтінімдердің параметрлері қолданылмайды;
- 3) шетел валютасында көрсетілген бағалы қағаздардың, мәмілелер мен өтінімдердің параметрлері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есеп айырысу күнгі ресми бағамы бойынша қазақстандық теңгеге қайта есептеледі;
- 4) егер осы индексті немесе индикаторды есептеу тәртібінде өзгесі белгіленбесе, индекстелген бағалы қағаздардың, осындай бағалы қағаздармен мәмілелердің және осындай бағалы қағаздармен мәмілелер жасасуға өтінімдердің индекстелген параметрлері қолданылады;
- 5) орналастырылған бағалы қағаздардың санын және еркін айналыстағы акциялардың санын Биржа осы бағалы қағаздарға рұқсаттама бастамашысынан ақпаратты ашу жөніндегі Биржа алдындағы міндеттері шеңберінде немесе өзге де ресми дереккөзден алған ақпаратты негізге ала отырып анықтайды.

6. Сауда-саттық күні барысында параметрлері индексті немесе индикаторды есептеу үшін қажет бағалы қағаздар бойынша мәмілелер немесе өтінімдер болмаған кезде, осы индексті немесе индикаторды есептеу тәртібінде өзгесі белгіленбесе, осындай есептеу мақсатында осындай параметрлерді анықтауға болатын соңғы нәтижелі күннің деректері қолданылады.

## 2 тарау. ИНДЕКСТЕР МЕН ИНДИКАТОРЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

### 3 бап.

#### Акциялар нарығын капиталдандыруды есептеу

1. Биржа акциялар нарығын капиталдандыруды есептеу үшін өкілетті тізімді (бұдан әрі – акциялардың өкілетті тізімі) әрбір жеке атаудағы акцияларға қатысты барлық мынадай шарттар орындалған кезде Биржаның ресми тізіміне енгізілген барлық атаулардағы акциялардың ішінен Комитет қандай да бір шешімдер қабылдауысыз қалыптастырады:
  - 1) Биржаның осы атаудағы орналастырылған акциялардың саны туралы ақпарат алуы;
  - 2) Биржаның осы атаудағы акциялармен сауда-саттық ашуы. Сауда-саттықты тоқтата тұру акцияларды акциялардың өкілетті тізімінен шығару үшін негіз болып табылмайды;

- 3) эмитент "бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының резидент ұйымы танитын заңды тұлға болуы тиіс;
  - 4) эмитенттің жай акциялары өкілетті тізімде болмаса, осы эмитенттің артықшылықты акциялары акциялардың өкілетті тізіміне енгізілмейді.
2. Акциялар Биржаның ресми тізімінен шығарылған кезде Комитеттің қандай да бір шешім қабылдауысыз акциялардың өкілетті тізімінен шығарылады. Артықшылықты акциялар осы эмитенттің жай акцияларын Биржаның ресми тізімінен алып тастаған кезде Комитеттің қандай да бір шешім қабылдауысыз акциялардың өкілетті тізімінен шығарылады.

3. Акциялар нарығын капиталдандыру мына формула бойынша есептеледі:

$$CAP_s = \sum_{i=1}^n (Q_i \times \bar{P}_i), \text{ мұнда}$$

$CAP_s$  – акциялар нарығын теңгемен капиталдандыру;

$n$  – өкілетті тізімдегі акциялар атауларының саны;

$Q_i$  –  $i$ -лік атаудағы орналастырылған акциялардың саны (олардың эмитенті сатып алғандарын алып тастағанда) данамен;

$\bar{P}_i$  – акциялар бойынша соңғы өткен сауда-саттық күні барысында жасалған мәмілелер бойынша  $i$ -лік атаудағы бір акцияның орташа сараланған бағасы, теңгемен.

4. Эмитенттің капитализациясы мына формула бойынша есептеледі:

$$CAP_i = \sum_{j=1}^n (Q_{ij}^{ord} \times P_{ij}^{ord}) + \sum_{j=1}^m (Q_{ij}^{pref} \times P_{ij}^{pref}), \text{ мұнда}$$

$CAP_i$  –  $i$ -лік эмитентті теңгемен капиталдандыру;

$n$  –  $i$ -лік эмитенттің жай акциялары шығарылымдарының саны;

$m$  –  $i$ -лік эмитенттің артықшылықты акциялары шығарылымдарының саны;

$Q_{ij}^{ord}$  –  $j$ -лік шығарылымның,  $i$ -лік эмитенттің орналастырылған жай акцияларының (олардың эмитенті сатып алғандарын қоспағанда) данамен саны;

$P_{ij}^{ord}$  – осы атаудағы акциялар үшін соңғы өткен нәтижелі сауда-саттық күні барысында Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша  $i$ -лік эмитенттің  $j$ -лік шығарылымының бір жай акциясының теңгемен орташа сараланған бағасы;

$Q_{ij}^{pref}$  –  $i$ -лік эмитенттің  $J$ -лік шығарылымының орналастырылған артықшылықты акцияларының (олардың эмитенті сатып алғандарын қоспағанда) данамен саны;

$P_{ij}^{pref}$  – осы атаудағы акциялар үшін соңғы өткен нәтижелі сауда-саттық күні барысында Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша  $i$ -лік эмитенттің  $J$ -лік шығарылымының бір артықшылықты акциясының теңгемен орташа сараланған бағасы.

5. Акцияларды шоғырландыру немесе бөлу кезінде акциялар нарығын капиталдандыруды есептеу кезінде пайдаланылатын осы атаудағы акциялардың параметрлеріне тиісті өзгерістер енгізу жүзеге асырылады. Бұл ретте:

- 1) осы акциялар эмитентін капиталдандыру көрсеткіші осы акцияларды шоғырландыру немесе бөлу процедурасы аяқталғанға дейін соңғы есептелген параметрлер бойынша тіркеледі;

- 2) осы акциялар эмитентін капиталдандыруды есептеу шоғырландыру немесе бөлшектеу аяқталғаннан және Биржа орналастырылған акциялардың саны туралы ақпарат алғаннан кейін осы атаудағы акциялармен бірінші мәміле жасалған кезден бастап жүзеге асырылады.
6. Орналастырылған акциялардың саны өзгерген кезде акциялар нарығын капиталдандыруды есептеу кезінде пайдаланылатын осы атаудағы акциялардың параметрлеріне тиісті өзгерістер енгізу жүзеге асырылады.  
Акциялар нарығын капиталдандыруды есептеудің ағымдағы күні мен осы атаудағы акциялармен соңғы мәміле күнінің арасындағы айырма 90 күнтізбелік күннен асса:
  - 1) осы акциялар эмитентін капиталдандыру көрсеткіші орналастырылған акциялардың саны өзгергенге дейін соңғы есептелген параметрлер бойынша тіркеледі;
  - 2) осы акциялар эмитентін жаңа параметрлер бойынша капиталдандыруды есептеу орналастырылған акциялардың саны өзгергеннен кейін осы атаудағы акциялармен бірінші мәміле жасалған кезден бастап жүзеге асырылады.

#### 4 бап.

#### **KASE Индексін есептеу**

1. KASE индексін есептеу үшін өкілетті тізімді (бұдан әрі – KASE Индексінің өкілетті тізімі) Комитет барлық келесі шарттарды орындаған кезде "негізгі" алаңдағы Биржаның ресми тізіміне енгізілген акциялар санынан қалыптастырады:
  - 1) KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялар атауының жалпы саны жетіден кем болмауы тиіс;
  - 2) акциялар Комитеттің шешімі бойынша және осы акциялар мен олардың эмитенті осы баптың 2 тармағында белгіленген шарттарға сәйкес келген кезде, сондай-ақ Биржада осы атаудағы орналастырылған акциялардың саны туралы ақпарат және еркін айналыстағы акциялардың санын анықтау үшін қажетті өзге де мәліметтер болған кезде KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізіледі;
  - 3) акцияларды KASE Индексінің өкілетті тізімінде табу үшін осы акциялар және олардың эмитенті осы баптың 3 тармағында белгіленген шарттарға сәйкес келуі тиіс;
  - 4) KASE Индексінің өкілетті тізімін қайта қарау туралы шешімді Комитет қабылдауы және биржа Биржаның интернет-ресурсында 16 қаңтар, 16 сәуір, 16 шілде, 16 қазанға дейін жариялауы тиіс. KASE Индексінің өкілетті тізіміне өзгерістер Комитет шешімінің негізінде күнтізбелік тоқсанда бір рет – ақпан, мамыр, тамыз және қарашаның үшінші жұмыс күнінен бастап енгізіледі;
  - 5) KASE Индексінің өкілетті тізімін қайта қарау туралы шешімді Комитет осы баптың 3, 5 және 6 тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша кезектен тыс тәртіппен қабылдауы мүмкін. Бұл ретте мұндай шешім туралы ақпаратты Биржаның интернет-ресурсында жариялау ол қабылданғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.
2. Акцияларды KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізу үшін осы акциялар және олардың эмитенті келесі шарттарға сәйкес келуі тиіс:
  - 1) эмитент "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасының резидент-ұйымы болып мойындалатын заңды тұлға болуы тиіс;

- 2) эмитенттің капиталдандырылу кемінде 25 млрд теңгені құрауы және Биржа осы Әдістеменің 3 бабы 4 тармағының формуласы бойынша есептелуі тиіс.
- 3) эмитенттің меншікті капиталы Биржада бар аудиторлық есеппен расталған (еншілес ұйымдар болған кезде – эмитенттің аудиторлық есеппен расталған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігімен) неғұрлым кеш жылдық қаржылық есеп берушілігінің деректеріне сәйкес оң болуы тиіс;
- 4) эмитенттің таза пайдасы Биржада бар аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есептілік деректеріне (еншілес ұйымдар болған кезде – эмитенттің аудиторлық есеппен расталған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне) сәйкес соңғы екі қаржы жылындағы оң шама болуы тиіс;
- 5) эмитенттің қолданыстағы рейтингілік бағасы болған кезде мұндай эмитенттің рейтингі S&P Global Ratings агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B" - дан және/немесе Fitch Ratings және/немесе Moody ' s Investors Service рейтингілік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасынан төмен болмауы тиіс.
- 6) KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізуге жоспарланған акциялар келесі критерийлерге сәйкес келуі тиіс:
  - жоспарланып отырған қосу күнінің алдындағы алты айдың әрқайсысы үшін осы акциялармен сауда-саттық көлемі кемінде 40 млн теңгені құрауы тиіс;
  - жоспарланған өкілетті тізімге енгізу күнінің алдындағы алты айдың әрқайсысы үшін осы акциялар үшін нәтижелі күндердің саны тиісті айдың барлық сауда-саттық күндерінің 70 %-нан кем болмауы тиіс;
  - өкілетті тізімге енгізудің жоспарланған күнінің алдындағы алты айдың әрқайсысы үшін осы акциялармен жасалған мәмілелерді Биржаның кемінде бес мүшесі жасауы тиіс.
3. Комитет KASE Индексінің өкілетті тізіміне осы баптың 2 тармағында белгіленген талаптарды ескермей, осы атаудағы акциялардың жеткілікті өтімділігі туралы Комитеттің пікірі бойынша куәландыратын факторлар болған кезде қандай да бір атаудағы акцияларды енгізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
4. Акцияларды KASE Индексінің өкілетті тізімінде тұруы үшін осы акциялар және олардың эмитенті, KASE Индексінің өкілетті тізімін өзгерту күніне, келесі шарттарға сәйкес болуы тиіс:
  - 1) осы Әдістеменің 3 бабының 4 тармағында көрсетілген формула бойынша есептелген, эмитенттің капиталдануы кемінде 25 млрд теңгені құрауы тиіс;
  - 2) эмитенттің меншікті капиталының Биржада бар аудиторлық есеппен расталған неғұрлым кеш жылдық қаржылық есептілікке (еншілес ұйымдар болған кезде – эмитенттің шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне) сәйкес оң мәні болуы тиіс;
  - 3) эмитенттің таза пайдасы Биржада бар аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есептілік деректеріне (еншілес ұйымдар болған кезде – эмитенттің аудиторлық есеппен расталған шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігіне) сәйкес соңғы екі қаржы жылындағы оң шама болуы тиіс;
  - 4) Биржаның сауда-саттық жүйесіндегі осы акциялармен сауда-саттықтың минималды көлемі тізім өзгерген күннің алдындағы алты айдың кез келген төрт айының әрқайсысында 20 млн теңгеге тең немесе одан асуы тиіс. Егер осы акциялар шетелдік биржада саудаланатын болса, онда



Биржадағы сауда-саттықтың минималды көлемі тізім өзгерген күннің алдындағы алты айдың кез келген екі айының әрқайсысында 20 млн теңгеге тең немесе одан асуы тиіс, егер шетелдік биржадағы осы акциялармен сауда-саттық көлемі тізім өзгерген күннің алдындағы алты айдың кез келген төрт айының әрқайсысында 20 млн теңгеге тең немесе одан асуы тиіс;

- 5) алты айдың тізімі өзгерген күннің алдындағы кез келген төрт айдың әрқайсысында сауда-саттық күндерінің кемінде 50 % (айдағы сауда-саттық күндерінің жалпы санынан) осы акциялар үшін нәтижелі болуы тиіс;
- 6) KASE Индексінің өкілетті тізімі өзгерген күннің алдындағы алты айдың кез келген төрт айының әрқайсысында осы акциялармен мәмілелер Биржаның сауда-саттық жүйесінде Биржаның кемінде бес мүшесімен жасалуы тиіс.

Комитет осы атаудағы акциялардың жеткілікті өтімділігі туралы комитеттің пікірі бойынша куәландыратын факторлар болған кезде, осы баптың 4 тармағында белгіленген шарттарды ескермей, KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акцияларды сақтау туралы шешім қабылдауға құқылы.

5. Биржаның ресми тізімінен шығарылған кезде Комитет қандай да бір шешім қабылдамай, қандай да бір атаудағы акциялар KASE Индексінің өкілетті тізімінен шығарылады. Артықшылықты акциялар осы эмитенттің жай акцияларын Биржаның ресми тізімінен алып тастаған кезде Комитет қандай да бір шешім қабылдамай акциялардың өкілетті тізімінен шығарылады.
6. Комитет осы баптың 4 тармағында белгіленген шарттарды есепке алмай, KASE Индексінің өкілетті тізімінен қандай да бір атаудағы акцияларды алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы, егер Комитеттің пікірі бойынша мұндай алып тастау келесілерге байланысты қажет болса:
  - Биржаның осы атаудағы акциялармен сауда-саттықты тоқтата тұруы;
  - акциялары KASE Индексінің өкілетті тізімінде тұрған эмитенттің кредиттік рейтингтерін S&P Global Ratings агенттігінің "CCC+/C" дейін, Fitch Ratings агенттігінің "CCC/C" дейін, Moody ' s Investors Service агенттігінің "Саа+" дейін төмендету немесе эмитент рейтингілік бағалаудан бас тартуы;
  - KASE Индексінің өкілетті тізімінің акциялары бойынша маркет-мейкер міндеттерін орындаудан бас тартқан жағдайда, өкілетті тізім акцияларының өтімділігінің күрт төмендеуі, олардың бағасының құбылмалылығының өсуі, олардың баға белгіленімдері бойынша спрэдтердің кеңеюі;
  - KASE Индексінің репрезентативтілігін қамтамасыз ету мақсатында Комитет осындай шешімді қабылдау үшін жеткілікті деп есептейтін кез келген басқа себеп бойынша.
7. KASE Индексі мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{IndexKASE} = \frac{MC_n}{D_n}, \text{ мұнда}$$

IndexKASE – KASE Индексі тармақтармен;

$MC_n$  – осы баптың 11 тармағына сәйкес есептелетін n есептеу сәтіне KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген акциялардың жиынтық нарықтық құны, теңгемен;

$D_n$  – KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық акциялардың жиынтық нарықтық құнының KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі орын алған өзгерістерді және KASE Индексінің бастапқы мәнін ескере отырып түзетілген KASE индексін есептеудің бастапқы мәні;

8.  $D_n$  көрсеткішін қайта есептеу мыналар өзгерген жағдайда жүзеге асырылады:
- 1) KASE Индексінің өкілетті тізімі;
  - 2) еркін айналымдағы KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген қандай да бір атаудағы акциялардың саны;
  - 3) KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген қандай да бір атаудағы орналастырылған акциялар саны, оның ішінде, орналастырылған акциялар санының өзгеруіне әкеп соқтыратын, кез келген корпоративтік уақиғалардың орын алуы салдарынан болған өзгеруі;
  - 4) осы баптың 12 тармағына сәйкес есептелетін шектеу коэффициенті.
9.  $D_n$  көрсеткішін есептеу үтірден кейін төртінші таңбасына дейінгі дәлдікпен келесі формула бойынша жүзеге асырылады (көрсеткіш мәнін дөңгелектеу математикалық дөңгелектеу ережесі бойынша жүргізіледі):

$$D_n = D_{n-1} \cdot \frac{MC_n}{MC_{n-1}}, \text{ мұнда}$$

- $D_{n-1}$  – қайта есептеу үшін негіз басталғанға дейін  $D$  көрсеткішінің соңғы мәні;
- $MC_{n-1}$  –  $D_{n-1}$  көрсеткішін есептеу сәтінде KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялардың жиынтық нарықтық құны
- $MC_n$  –  $D_n$  көрсеткішін есептеу сәтінде KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялардың жиынтық нарықтық құны

10. KASE Индексінің бастапқы мәні 2007 жылдың 28 қыркүйегінде Алматы уақытымен 18.00-дегі жағдай бойынша 2 545,79 тармақ<sup>1</sup> мөлшерінде тіркелді.

KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген акциялардың жиынтық нарықтық құны KASE Индексін бастапқы есептеу сәтінде 2007 жылдың 28 қыркүйегінде Алматы уақытымен 18.00-дегі жағдай бойынша 868 132 912 362,78 теңге сомасында тіркелді.

11. KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген акциялардың жиынтық нарықтық құны мына формула бойынша есептеледі::

$$MC_n = \sum_{i=1}^n (P_i \times FF_i \times \bar{R}_i), \text{ мұнда}$$

- $n$  – KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялар атауларының саны;
- $P$  – Биржаның сауда-саттық жүйесінде үздіксіз қарсы аукцион әдісімен жасалған і-лік атаудағы акциялармен мәміле бағасы Қағидамен анықталғандай немесе осы Әдістеменің 9 бабына сәйкес анықталған і-лік атаудағы акциялар бойынша жабылу бағасы;
- $FF_i$  – Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін Листинглік ережелерге сәйкес анықталатын, еркін айналыстағы і-лік атаудағы акциялардың саны, данамен;
- $\bar{R}_i$  – осы баптың 12 тармағына сәйкес есептелетін і-лік атаудағы акциялар үшін шектеу коэффициенті.

<sup>1</sup> KASE Индексінің осы мәні Биржа Басқармасының 2001 жылдың 21 ақпанындағы № 15/1 шешімімен бекітілген қор нарығының индикаторларын есептеу әдістемесіне сәйкес 2000 жылдың 12 шілдесінен бастап 2007 жылдың 28 қыркүйегіне дейін есептелген KASE\_Shares индексінің соңғы мәні болып табылады (KASE\_Shares индексінің бастапқы мәні 2000 жылдың 12 шілдесіндегі жағдай бойынша 100,00 пункт мөлшерінде тіркелді). Тиісінше, KASE Индексі мәндерінің сандық қатары KASE\_Shares индексі мәндерінің сандық қатарын жалғастырады.

12. KASE Индексінің өкілетті тізімінің бағалы қағаздары үшін шектеу коэффициенті бір кезеңге немесе бірнеше кезеңге келесідей есептеледі:

1) бірінші кезеңде:

KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының үлесі есептеледі, бұл ретте осы атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициент бірлікке тең болып қабылданады;

осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының алынған үлесі 0,15-тен асқан жағдайда, онда осы атаудағы бағалы қағаздар үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне өту жүзеге асырылады;

2) екінші кезеңде:

осы баптың 15 тармағына сәйкес осы атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициент есептеледі;

3) үшінші кезеңде:

осы атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициенттің екінші кезеңінде есептелген мәнге сүйене отырып, осы баптың 13 тармағына сәйкес KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы олардың жиынтық нарықтық құнының үлесі қайтадан есептеледі;

осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының алынған үлесі 0,15-тен асқан жағдайда, осы атаудағы бағалы қағаздар үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне кезекті ауысу жүзеге асырылады;

4) осы атаудағы бағалы қағаздар үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші және үшінші кезеңдері тиісті өкілетті тізімдегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы кез келген атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының үлесі 0,15-тен аспайынша қайталанатын;

5) қандай да бір атаудағы акциялар үшін шектеу коэффициенті осы атаудағы акциялар үшін барлық аралық коэффициенттердің көбейтіндісі болып табылады.

13. KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының осы өкілетті тізімдегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы үлесі мына формула бойынша есептеледі::

$$Z_i = \frac{A_i}{\sum_{i=1}^n A_i}, \text{ мұнда}$$

$Z_i$  – KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының үлесі;

$A_i$  – осы баптың 14 тармағына сәйкес анықталған  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құны, теңгемен;

$n$  – KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі бағалы қағаздар атауларының саны.

14. KASE индексін есептеу үшін  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құны мынадай формула бойынша анықталады:

$$A_i = P_i \times FF_i \times R_i, \text{ мұнда}$$

- $P_i, FF_i$  – осы баптың 11 тармағында анықталған көрсеткіштер (*осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген*);
- $R_i$  – осы баптың 15 тармағына сәйкес есептелетін  $i$ -лік атаудағы акциялар үшін аралық коэффициент (осы атаудағы акциялар үшін шектеу коэффициентін есептеудің бірінші кезеңіндегі бірлікке тең деп қабылданады).
15.  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициент мынадай формула бойынша есептеледі:
- $$R_i = \frac{0,15}{0,85A_i} \times (\sum_{i=1}^n A_i - A_i), \text{ мұнда}$$
- $n$  – KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі бағалы қағаздар атауларының саны;
- $A_i$  – осы атаудағы бағалы қағаздар үшін алдыңғы аралық коэффициентті пайдалана отырып, осы баптың 14 тармағына сәйкес анықталған  $i$ -атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құны, теңгемен.
16. KASE Индексінің өкілетті тізімінің акциялары үшін шектеу коэффициенттері 01 ақпан, 01 мамыр, 01 тамыз, 01 қараша жағдай бойынша күнтізбелік тоқсанда бір рет есептеледі.
- Акциялар үшін шектеу коэффициенттері осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген кезеңділіктен тыс, егер:
- 1) еркін айналыстағы қандай да бір атаудағы акциялардың саны осы атаудағы орналастырылған акциялардың жалпы санының 10 және одан да көп пайызын құрайтын шамаға өзгерді;
  - 2) 15 сауда-саттық күнінен кем емес уақыт ішінде осы баптың 13 тармағына сәйкес есептелген KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаулардағы акциялардың жиынтық нарықтық құнындағы қандай да бір атаудағы акциялардың жиынтық нарықтық құнының үлесі 0,2 ден асады.

**5 бап.**

**Биржада сатылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының жиынтық номиналды құнын және жиынтық нарықтық құнын есептеу**

1. Мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық номиналды құнын және жиынтық нарықтық құнын есептеу үшін өкілетті тізімді (бұдан әрі – МБҚ өкілетті тізімі) Биржа орналастырылған мемлекеттік бағалы қағаздардың саны туралы ақпарат алуына қарай шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда, Биржаның ресми тізіміне енгізілген барлық атаулардағы мемлекеттік бағалы қағаздардың арасынан Комитет қандай да бір шешім қабылдамай қалыптастырады.
2. Мемлекеттік бағалы қағаздар биржаның ресми тізімінен осы мемлекеттік бағалы қағаздарды алып тастаған кезде Комитет қандай да бір шешім қабылдамай МБҚ-ның өкілетті тізімінен шығарылады.
3. Мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық номиналдық құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$CAPGCB_N = \sum_{i=1}^n (Q_i \times N_i), \text{ мұнда}$$

$CAPGCB_N$  – теңгедегі мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық номиналдық құны;

$n$  – МБҚ өкілетті тізіміндегі мемлекеттік бағалы қағаздар атауларының саны;

- $Q_i$  – I-лік атаудағы орналастырылған мемлекеттік бағалы қағаздардың саны;
- $N_i$  – I-лік атаудағы бір мемлекеттік бағалы қағаздың номиналдық құны теңгемен.
4. Мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$CAPGB_M = \sum_{i=1}^n (Q_i \times \bar{P}_i), \text{ мұнда}$$

- $CAPGB_M$  – мемлекеттік бағалы қағаздардың теңгедегі жиынтық нарықтық құны;
- $n$  – МБҚ өкілетті тізіміндегі мемлекеттік бағалы қағаздар атауларының саны;
- $Q_i$  – I-лік атаудағы орналастырылған мемлекеттік бағалы қағаздардың саны;
- $\bar{P}_i$  – мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша соңғы өткен саудасаттық күні барысында жасалған мәмілелер бойынша i-лік атаудағы бір мемлекеттік бағалы қағаздың орташа сараланған бағасы, теңгемен.

**6 бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының индикаторларын есептеу**

- Биржа Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының индикаторларын есептеуге арналған өкілетті тізімді (бұдан әрі – МБҚ индикаторларының өкілетті тізімі) Биржаның ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі – МБҚ) арасынан, Комитеттің қандай да бір шешім қабылдауысыз, қалыптастырады:
  - индекстелмеген;
  - купондық сыйақының тиянақталған мөлшерлемесімен;
  - қазақстандық теңгемен номинацияланған.
- Өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелмеген Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының индикаторлары (агрегацияланған индекстер) және өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелген: бір жылдан аз ( $s$ ); бір жылдан бес жылға дейін ( $m$ ); бес жылдан және одан да көп ( $l$ ) серияларды қамтиды:
  - $KZGB\_CP^*$  – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағанда бағалар бойынша есептелетін мемлекеттік бағалы қағаздардың "таза" бағаларының баға индексі;
  - $KZGB\_DP^*$  – жиынтық табыстың баға индексі (есептелген купондық сыйақыны және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып);
  - $KZGB\_Y^*$  – кірістілік көрсеткіштері, жылдық пайызбен.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*

- $KZGB\_CP^*$ ,  $KZGB\_DP^*$  және  $KZGB\_Y^*$  сериялы индекстерді есептеу келесі формулалар бойынша жүзеге асырылады:

$$KZGB\_CP_n^* = KZGB\_CP_{n-1}^* \cdot \frac{\sum_{i=1}^N \frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} \cdot N_{i,n}}{\sum_{i=1}^N \frac{P_{i,n-1}}{100} \cdot FV_{i,n-1} \cdot N_{i,n}},$$

$$KZGB\_CP_n^* = KZGB\_CP_{n-1}^* \cdot \frac{\sum_{i=1}^N \frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} \cdot N_{i,n}}{\sum_{i=1}^N \frac{P_{i,n-1}}{100} \cdot FV_{i,n-1} \cdot N_{i,n}},$$

$$KZGB\_Y_n^* = \frac{\sum_{i=1}^N Y_{i,n} \left( \frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} + A_{i,n} + G_{i,n} \right) \cdot N_{i,n}}{\sum_{i=1}^N \left( \frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} + A_{i,n} \right) \cdot N_{i,n}},$$

мұнда:

KZGB\_CP\* – n есептеу күніндегі баға индексінің мәні;

KZGB\_DP\* – n есептеу күніндегі жиынтық табыс индексінің мәні;

KZGB\_Y\* – n есептеу күніндегі кірістілік көрсеткішінің мәні;

n – индексті есептеу күні;

P<sub>i</sub> – осы баптың 4 және 4.1 тармақтарына сәйкес анықталған, соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша номиналдан пайызбен көрсетілген і-ші шығарылымның бір МБҚ бағасы;

FV<sub>i</sub> – теңгемен көрсетілген n есеп айырысу күні і-ші шығарылымның бір МБҚ номиналы;

N<sub>i</sub> – бағалы қағаздар данасымен көрсетілген n есептеу күні бір МБҚ-ның і-ші шығарылымының көлемі;

A<sub>i</sub> – теңгемен көрсетілген n есеп айырысу күні і-ші шығарылымның МБҚ-ның жинақталған купондық кірісі;

G<sub>i</sub> – теңгемен көрсетілген n есеп айырысу күнін шығара отырып, і-ші МБҚ бойынша n купондық кіріс күні төленген сома;

Y<sub>i</sub> – осы баптың 4 және 4.1 тармақтарына сәйкес анықталған баға негізінде күн қорытындысы бойынша есептелген n есептеу күніндегі і-ші шығарылым МБҚ кірістілігі.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*

4. Өтеуге дейінгі мерзімдербойынша: бір жылдан аз (s); бір жылдан бес жылға дейін (m); бес жылдан және одан да көп (l) болып сегменттелген индекстерді есептеу үшін бір МБҚ бағасы ретінде пайдаланылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*:
  - 1) қандай да бір МБҚ орналастыру немесе қосымша орналастыру жөніндегі мәмілелерді қоса алғанда, әрбір МБҚ үшін индикаторды есептеу күні барысында Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша көлем арқылы есептелген әрбір МБҚ-ның орташа сараланған "таза" бағасы;
  - 2) осы тармақтың 1 тармақшасында көрсетілген қандай да бір атаудағы МБҚ орташа сараланған бағасы болмаған жағдайда, МБҚ индекстерін есептеу үшін Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықталған және индексті есептеу күніне әрекет ететін осындай МБҚ есептік "таза" бағасы пайдаланылады.
- 4.1. Агрегацияланған индекстерді есептеу үшін бір МБҚ бағасы ретінде Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін Бағалы қағаздарды бағалау әдістемесіне сәйкес анықталған және индексті есептеу күніне қолданыста болатын осындай МБҚ есептік "таза" бағасы пайдаланылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен енгізілген)*.
5. Дюрация немесе қандай да бір атаудағы МБҚ орналастырылған саны өзгерген күні МБҚ индекстерін есептеу МБҚ-ның жаңа параметрлерін пайдалана отырып жүргізіледі.
6. KZGB\_CP\* сериясы индекстерінің бастапқы мәні 1000,00 теңге мөлшерінде тіркелген, KZGB\_DP\* мәні өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелген

МБҚ индикаторларының өкілдік тізімі бойынша теңгемен көрсетілген жинақталған және төленбеген сыйақының орташа мәнін қоса отырып, 1000,00 теңге мөлшерінде тіркелген: бір жылдан кем, бір жылдан бес жылға дейін, бес жылдан және одан да көп МБҚ индикаторларын есептеудің басталу күні *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*.

**7 бап. Корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық номиналды құнын есептеу**

1. Корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық номиналды құнын есептеу үшін өкілетті тізімді (бұдан әрі – корпоративтік облигациялардың өкілетті тізімі) биржа биржаның ресми тізіміне енгізілген барлық атаулардағы корпоративтік облигациялар арасынан қандай да бір шешімдер қабылдамай, Биржаның сол немесе өзге атаудағы орналастырылған корпоративтік облигациялардың саны туралы ақпарат алуына және осы корпоративтік облигациялар бойынша Биржаның сауда-саттық ашуына қарай қалыптастырады.
2. Корпоративтік облигациялар осы корпоративтік облигацияларды биржаның ресми тізімінен шығарған кезде Комитет қандай да бір шешім қабылдамай корпоративтік облигациялардың өкілетті тізімінен шығарылады.
3. Корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық номиналды құны мынадай формула бойынша есептеледі::

$$CAP_b = \sum_{i=1}^n (Q_i \times N_i), \text{ мұнда}$$

, мұнда

$CAP_b$  – корпоративтік облигациялар нарығының теңгедегі жиынтық номиналды құны;

$n$  – облигациялардың өкілетті тізіміндегі корпоративтік облигациялар атауларының саны;

$Q_i$  – орналастырылған  $i$ -лік атаудағы корпоративтік облигациялардың саны;

$N_i$  –  $i$ -лік атаудағы бір корпоративтік облигацияның номиналдық құны теңгемен.

Қандай да бір атаудың корпоративтік облигациялары:

- "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңында анықталғандай номиналды құны жоқ, осы облигациялар облигацияларының жиынтық номиналды құны ретінде осы атаудағы корпоративтік облигациялар шығарылымының аңдатпасымен (осы атаудағы корпоративтік облигациялар шығарылымының аңдатпасына мақсаты бойынша ұқсас құжатпен) куәландырылған номиналды мәндегі борыштың жиынтық шамасы пайдаланылады.;
- теңге бағамының шетел валютасына өзгеруіне индекстелген номиналды құны бар болса, онда олардың номиналды құны номиналды құнының теңгеге шетел валютасы бағамының өзгеру коэффициентіне көбейтіндісі ретінде қайта есептеледі. Шетел валютасының теңгеге бағамының өзгеру коэффициентін есептеу үшін осы корпоративтік облигацияларды орналастыру жүзеге асырылған шетел валютасының бағамы пайдаланылады.

**8 бап. Корпоративтік облигациялар нарығының индикаторларын есептеу**

1. KASE\_BM сериялы корпоративтік облигациялар нарығының индикаторларын есептеуге арналған өкілетті тізімді (бұдан әрі – KASE\_BM сериясы индикаторларының өкілетті тізімі) және KASE\_BA сериялы корпоративтік облигациялар нарығының индикаторларын есептеуге арналған өкілетті тізімді (бұдан әрі – KASE\_BA сериясы индикаторларының өкілетті тізімі) әрбір жеке атаудың облигацияларына қатысты мынадай барлық шарттар орындалған кезде корпоративтік облигациялар қатарынан Комитет қалыптастырады:
  - 1) облигациялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылуы және теңгемен номиналдануы тиіс, олардың номиналдық құны және/немесе сыйақы мөлшері теңге бағамының шетел валютасына өзгеруі бойынша индекстелмеуі тиіс;
  - 2) KASE\_BM сериялы индикаторлардың өкілетті тізімінің облигациялары "Негізгі" сауда-саттық алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторында Биржаның ресми тізімінде, "Облигациялар" және "Коммерциялық облигациялар" санатында болуы тиіс, ал KASE\_BA сериялы индикаторлардың өкілетті тізімінің облигациялары Биржаның ресми тізімінде "Баламалы" сауда-саттық алаңының "Облигациялар" және "Коммерциялық облигациялар" санатының "Борыштық бағалы қағаздар" секторында болуы тиіс;
  - 3) облигациялар Биржаның сауда-саттық жүйесінде "таза" бағаларда (есептелген және төленбеген сыйақыны есепке алмағанда) белгіленуі тиіс, өтеуге облигациялардың кірістілігі Биржаның ақпараттық жүйелерінде автоматты түрде есептелуі тиіс;
  - 4) облигациялар бойынша сауда-саттық ашылып, маркет-мейкер мәртебесі берілуі тиіс, сондай-ақ Биржада орналастырылған корпоративтік облигациялардың саны туралы ақпарат болуы тиіс;
  - 5) KASE\_BM сериясы индикаторларының өкілетті тізіміндегі корпоративтік облигациялар атауларының жалпы саны кемінде жеті, ал KASE\_BA сериясы индикаторларының өкілетті тізімінде кемінде төрт болуы тиіс.
2. Комитеттің KASE\_BM және KASE\_BA сериялы индикаторлардың өкілетті тізімдерін қайта қарау туралы шешімі Биржаның интернет-ресурсында 01 желтоқсанға, 01 наурызға, 01 маусымға, 01 қыркүйекке дейін қабылдануы және жариялануы тиіс.
3. Биржаның ресми тізімінен қандай да бір атаудағы корпоративтік облигацияларды шығару, сондай-ақ қандай да бір атаудағы облигациялардың айналыс мерзімінің өтуі Комитеттің қандай да бір шешім қабылдамай, KASE\_BM және KASE\_BA сериясы индикаторларының өкілетті тізімдерінен облигацияларды алып тастау үшін негіз болып табылады. Бірінші жағдайда облигациялар ресми тізімнен шығарылған күннен бастап, екінші жағдайда – өтеу кезінде олардың номиналды құнын және соңғы купондық сыйақыны (егер қолданылса) төлеу үшін облигация ұстаушыларының тізілімі тіркелген күннен бастап алып тастау орын алады.
4. Комитет KASE\_BM және KASE\_BA сериялы индикаторлардың өкілетті тізімінен олардың осы баптың 1 тармағында белгіленген бір немесе бірнеше шарттарға сәйкестігі тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ KASE\_BM және KASE\_BA сериялы индикаторлардың репрезентативтілігін қамтамасыз ету мақсатында Комитет осындай шешім қабылдау үшін жеткілікті деп есептейтін кез келген өзге себеп бойынша қандай да бір атаудағы корпоративтік облигацияларды алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.
5. KASE\_BM сериялы корпоративтік облигациялар нарығының индикаторлары мыналардан тұрады:



- KASE\_BMY – Биржаның ресми тізімінің негізгі алаңындағы корпоративтік облигациялардың кірістілік индикаторы;
  - KASE\_BMC – Биржаның ресми тізімінің негізгі алаңының корпоративтік облигацияларының "таза" бағалар индексі;
6. KASE\_BA сериялы корпоративтік облигациялар нарығының индикаторлары:
- KASE\_BAY – Биржаның ресми тізімінің баламалы алаңындағы корпоративтік облигациялардың кірістілік индикаторы;
  - KASE\_BAC – Биржаның ресми тізімінің баламалы алаңының корпоративтік облигацияларының "таза" бағалар индексі.
7. KASE\_BMY және KASE\_BAY индикаторлары келесі формуламен есептеледі:

$$K_{BY} = \frac{\sum_{i=1}^n (Y_{i,t} \times P_{i,t} \times Q_i \times \overline{BR}_i)}{\sum_{i=1}^n (P_{i,t} \times Q_i \times \overline{BR}_i)}, \text{ мұнда}$$

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен өзгертілген)*

$$K_{BY} = \frac{\sum_{i=1}^n (Y_{i,t} \times P_{i,t} \times Q_i \times \overline{BR}_i)}{\sum_{i=1}^n (P_{i,t} \times Q_i \times \overline{BR}_i)}, \text{ мұнда}$$

- $K_{BY}$  – корпоративтік облигациялар кірістілігінің индикаторлары жылдық пайызбен;
- $n$  – тиісті өкілетті тізімдердегі облигациялар атауларының саны;
- $Y_{i,t}$  – өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша анықталған баға белгілеу бағасы негізінде есептелген  $i$ -лік атаудағы корпоративтік облигацияның кірістілігі жылдық пайызбен;
- $P_{i,t}$  – осы баптың 9-тармағына сәйкес анықталған корпоративтік облигациялар бойынша соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша  $i$ -лік атаудағы бір корпоративтік облигацияның баға белгілеу бағасы, теңгемен;
- $Q_i$  –  $i$ -лік атаудағы орналастырылған корпоративтік облигациялардың саны, данамен.
- $\overline{BR}_i$  – осы Әдістеменің 11 бабына сәйкес есептелетін  $i$ -лік атаудағы облигациялар үшін шектеу коэффициенті.

8. KASE\_BP және KASE\_BAC индекстері формулалар бойынша есептеледі:

$$K_{BC} = K_{BCp} \frac{\sum_{i=1}^n (P_{i,t} \times Q_i \times \overline{BR}_i)}{\sum_{i=1}^n (P_{i,p} \times Q_i \times \overline{BR}_i)}, \text{ мұнда}$$

- $K_{BC}$  – тармақтардағы корпоративтік облигациялардың "таза" бағалар индекстері;
- $K_{BCp}$  – тармақтардағы "таза" бағалардың " тиісті индексінің алдыңғы мәні, бұл жағдайда бірінші есептеу үшін осы баптың 11 тармағында көрсетілген мән қолданылады;
- $n$  – тиісті өкілетті тізімдердегі облигациялар атауларының саны;
- $P_{i,t}$  – осы баптың 9 тармағына сәйкес анықталған корпоративтік облигациялар бойынша соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша  $i$ -лік атаудағы бір корпоративтік

- облигацияның теңгемен көрсетілген номиналды құнынан пайызбен белгіленген баға белгілеу бағасы;
- $P_{i,p}$  – осы баптың 9 тармағына сәйкес анықталған корпоративтік облигациялар бойынша соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша  $i$ -лік атаудағы бір корпоративтік облигацияның теңгемен көрсетілген номиналды құнынан пайызбен белгіленген баға белгілеу бағасы;
- $Q_i$  – орналастырылған  $i$ -лік атаудағы корпоративтік облигациялардың саны;
- $\overline{BR}_i$  – осы Әдістеменің 11 бабына сәйкес есептелетін  $i$ -лік атаудағы облигациялар үшін шектеу коэффициенті.
9.  $i$ -лік атаудағы бір корпоративтік облигацияның баға белгілеу бағасы ретінде пайдаланылады:
- 1) Қағидада белгіленгендей, үздіксіз қарсы аукцион әдісімен Биржаның сауда-саттық жүйесінде корпоративтік облигациялар бойынша қандай да бір сауда-саттық күні барысында жасалған мәмілелер бойынша осы атаудағы бір корпоративтік облигацияның орташа өлшенген "таза" бағасы, немесе
  - 2) (аталған сауда-саттық күнінде осы атаудың корпоративтік облигацияларымен мәмілелер болмаған жағдайда) осы атаудың корпоративтік облигацияларын сатып алуға арналған өтінімдердің максималды "таза" бағасы мен көрсетілген сауда-саттық күні барысында берілген оларды сатуға арналған өтінімдердің ең төмен "таза" бағасы арасындағы орташа арифметикалық шама немесе
  - 3) (көрсетілген сауда-саттық күні барысында берілген осы атаудағы корпоративтік облигацияларды сатып алуға және сатуға өтінімдер болмаған жағдайда) осы атаудағы бір корпоративтік облигацияның алдыңғы баға белгілеу бағасы.
10. KASE\_VM және KASE\_BA сериясы индикаторларының өкілетті тізімдерінің өзгеруі аталған өзгерістердің осы мәндеріне ықпал етуін болдырмау мақсатында KASE\_BMC және KASE\_BAC индекстерінің мәндерін есептеу кезінде тиісті түзету және (қажет болған жағдайда) шектеу коэффициенттерін есептеуге және қолдануға әкеп соғады. Коэффициенттер өкілетті тізімдердің аталған өзгерістері қолданысқа енгізілген сауда-саттық күнінің қорытындылары бойынша индекстердің мәндерін есептеу кезінде қолданылады.
- KASE\_BMC және KASE\_BC индекстерінің мәндерін есептеу кезінде түзету және (қажет болған жағдайда) шектеу коэффициенттерін есептеу әдістемесі осы Әдістеменің 3 тарауында анықталған.
11. KASE\_BMC және KASE\_BAC индекстерінің бастапқы мәні 2017 жылдың 01 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 100,00 пункт мөлшерінде тіркелді.

**9 бап.**

**Бағалы қағаздар бойынша жабылу бағалары**

1. Биржада айналысқа жіберілген барлық бағалы қағаздар бойынша Биржа жабылу бағаларын анықтайды.
2. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша жабылу бағасы сауда-саттық аяқталған сәттегі жағдай бойынша күніне бір рет анықталады.
3. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша жабу бағасы ретінде Қағидаға сәйкес тиісті атаудағы бағалы қағаздар бойынша жабу аукционында қалыптасқан баға пайдаланылады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген жабу аукционы барысында баға анықталмаса немесе мұндай аукцион қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша өткізілмесе немесе осындай аукционды өткізу Биржаның ішкі құжаттарында көзделмесе, осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша жабу бағасы ретінде олармен жасалған соңғы мәміленің бағасы пайдаланылады.

Қандай да бір сауда-саттық күнінде бағалы қағаздар бойынша жабу бағасы осы тармақтың бірінші және екінші абзацына сәйкес анықталмаса, онда мұндай күні осы бағалы қағаздар бойынша жабу бағасы анықталмайды.

4. Осы сауда-саттық күні олар бойынша жабылу бағасы, кейіннен Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен орындалмаған немесе бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылған мәміле бағасы ескеріле отырып есептелген болса, Биржа қандай да бір сауда-саттық күні үшін қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша жабылу бағасын қайта есептеуді жүзеге асыру құқығын өзіне қалдырады.

### 3 тарау. KASE\_BP ЖӘНЕ KASE\_BAC ИНДЕКСТЕРІНІҢ МӨНДЕРІН ЕСЕПТЕУ КЕЗІНДЕ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ ШЕКТЕУ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

#### 10 бап. Түзету коэффициенттерін есептеу

1. Түзету коэффициенті KASE\_BP және KASE\_BAC индекстерінің мәндеріне мыналардың өзгеруіне байланысты әсер етуді жою мақсатында қолданылады:
  - 1) KASE\_BM және KASE\_BA сериялы индикаторлардың өкілетті тізімі;
  - 2) KASE\_BM және KASE\_BA сериялы индикаторлардың өкілетті тізіміне енгізілген облигациялар санынан орналастырылған облигациялар саны;
  - 3) KASE\_BM және KASE\_BA сериялы индикаторлардың өкілетті тізіміне енгізілген қандай да бір атаудағы облигациялар үшін шектеу коэффициенті.
2. KASE\_BP және KASE\_BAC индекстері үшін түзету коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K = \frac{IND_{old}}{IND_{new}}, \text{ мұнда}$$

$K$  – түзету коэффициенті;

$IND_{old}$  – осы баптың 1 тармағында көрсетілген өзгерген параметрлердің алдыңғы мәндері бойынша есептелген KASE\_BMC немесе KASE\_BC индексінің мәні;

$IND_{new}$  – осы баптың 1 тармағында көрсетілген, өзгерген параметрлердің жаңа мәндері бойынша есептелген KASE\_BMC немесе KASE\_BC индексінің мәні.

3. Осы баптың 1 тармағында сипатталған өзгерістер болған жағдайда, осындай өзгерістер күшіне енгеннен кейін есептелген KASE\_BC және KASE\_BAC индекстерінің мәні түзету коэффициентіне көбейту арқылы түзетілуі тиіс.

#### 11 бап. KASE\_BM және KASE\_BA сериялы корпоративтік облигациялардың индикаторларын есептеу кезінде шектеу коэффициентін есептеу

1. Осы бапқа сәйкес есептелетін шектеу коэффициенті осы Әдістеменің 12 бабына сәйкес анықталатын осы атаудағы барлық облигациялар құнының есептелген үлесін ескере отырып, қандай да бір атаудағы корпоративтік

облигациялар үшін шектеу коэффициенті (BR<sub>i</sub>) ретінде KASE\_VM және KASE\_BA сериялы корпоративтік облигациялар индикаторларының мәндерін есептеу кезінде пайдаланылады.

2. KASE\_VM және KASE\_BA сериялы корпоративтік облигациялар индикаторларының өкілетті тізімінің бағалы қағаздары үшін шектеу коэффициенті бір кезеңге немесе бірнеше кезеңге келесідей есептеледі:

- 1) бірінші кезеңде:

аталған өкілетті тізімдердегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының үлесі есептеледі, бұл ретте осы атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициент бірлікке тең деп қабылданады;

егер осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының көрсетілген өкілетті тізімдердегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы алынған үлесі соңғы есептелген максималды мәннен асып кетсе  $Z_{\max}$ , онда осы атаудағы бағалы қағаздар үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне көшу жүзеге асырылады;

KASE\_VM сериялы облигациялар үшін  $Z_{\max}$  максималды мәні ретінде мынадай формула бойынша есептелген үлкен бүтінге дейін дөңгелектелген мән қабылданады:

$$Z_{\max} = 100/n + 1, \text{ мұнда}$$

$Z_{\max}$  – көрсетілген өкілетті тізімдердегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы і-лік атаудағы облигациялардың жиынтық "таза" нарықтық құны үлесінің ең жоғарғы мәні, пайызбен;

$n$  – тиісті өкілетті тізімдегі бағалы қағаздар атауларының саны;

KASE\_BA сериялы облигациялар үшін  $Z_{\max}$  максималды мәні ретінде келесі формула бойынша есептелген үлкен бүтінге дейін дөңгелектелген мән қабылданады:

$$Z_{\max} = 100/n + 5, \text{ мұнда}$$

$Z_{\max}$  – тиісті өкілетті тізімдегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы і-лік атаудағы облигациялардың жиынтық "таза" нарықтық құны үлесінің ең жоғарғы мәні, пайызбен;

$n$  – көрсетілген өкілетті тізімдердегі бағалы қағаздар атауларының саны;

- 2) екінші кезеңде:

осы баптың 5 тармағына сәйкес осы атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициент есептеледі;

- 3) үшінші кезеңде:

екінші кезеңде есептелген осы атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициенттің мәнін негізге ала отырып, осы баптың 3 тармағына сәйкес қайтадан аталған өкілетті тізімдердегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы олардың жиынтық "таза" нарықтық құнының үлесі есептеледі;

осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының көрсетілген өкілетті тізімдердегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық "таза" құнының алынған үлесі соңғы

есептелген  $Z_{\max}$  ең жоғарғы мәнінен асып кетсе, онда осы атаудағы бағалы қағаздар үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне кезекті көшу жүзеге асырылады;

- 4) осы атаудағы бағалы қағаздар үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші және үшінші кезеңдері көрсетілген өкілетті тізімдердегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы кез келген атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының үлесі соңғы есептелген  $Z_{\max}$  ең жоғарғы мәнінен аспайынша қайталанатын;
  - 5) қандай да бір атаудың облигациялары үшін шектеу коэффициенті  $\overline{BR}_i$  осы атаудың облигациялары үшін барлық аралық коэффициенттердің туындысы болып табылады.
3. KASE\_VM және KASE\_BA сериялы корпоративтік облигациялар индикаторларының өкілетті тізіміндегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының үлесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Z_i = \frac{A_i}{\sum_{i=1}^n A_i}, \text{ мұнда}$$

$Z_i$  –  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының көрсетілген өкілетті тізімдердегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы үлесі;

$A_i$  – осы баптың 4 тармағына сәйкес анықталған,  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құны, теңгемен;

$n$  – көрсетілген өкілетті тізімдердегі бағалы қағаздар атауларының саны.

4. KASE\_VM және KASE\_BA сериялы корпоративтік облигациялардың индикаторларын есептеу үшін  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құны мынадай формула бойынша анықталады:

$$A_i = P_{i,t} \times BR_i, \text{ мұнда}$$

$P_{i,t}$  – осы Әдістеменің 8 бабының 9 тармағына сәйкес анықталған, корпоративтік облигациялар бойынша соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша  $i$ -лік атаудағы бір корпоративтік облигацияның баға белгілеу бағасы, бір корпоративтік облигацияның номиналды құнынан пайызбен;

$BR_i$  – осы баптың 5 тармағына сәйкес есептелетін  $i$ -лік атаудағы корпоративтік облигация үшін аралық коэффициент (осы атаудағы облигациялар үшін шектеу коэффициентін есептеудің бірінші кезеңіндегі бірлікке тең деп қабылданады).

5.  $i$ -лік атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициент мынадай формула бойынша есептеледі:

$$BR_i = \frac{Z_{i \max}}{(1 - Z_{i \max}) \times A_i} \times (\sum_{i=1}^n A_i - A_i), \text{ мұнда}$$

$Z_{\max}$  – тиісті өкілетті тізімдегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы  $i$ -лік атаудағы облигациялардың жиынтық "таза" нарықтық құны үлесінің осы баптың 2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес анықталған максималды мәні, пайызбен;

$n$  – көрсетілген өкілетті тізімдердегі бағалы қағаздар атауларының саны;

$A_i$  – осы атаудағы бағалы қағаздар үшін алдыңғы аралық коэффициентті пайдалана отырып, осы баптың 4 тармағына сәйкес анықталған, I-атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құны, теңгемен.

6. Облигацияларға арналған шектеу коэффициенттері KASE\_BM және KASE\_BA сериялы корпоративтік облигациялардың индикаторларын есептеу үшін өкілетті тізімнің әрбір өзгеруі кезінде есептеледі.

Кемінде он бес сауда-саттық күні барысында KASE\_BM және KASE\_BA сериялы корпоративтік облигациялардың индикаторларын есептеу үшін өкілетті тізімдегі барлық атаулардағы облигациялардың, осы баптың 3 тармағына сәйкес есептелген, жиынтық "таза" нарықтық құнындағы қандай да бір атаудағы облигациялардың жиынтық "таза" нарықтық құнының үлесі осы баптың 2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес анықталған  $Z_{\max}$  соңғы есептелген максималды мәнінен асып түссе, корпоративтік облигацияларға арналған шектеу коэффициенттері осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген кезеңділіктен тыс есептелуі мүмкін.

**12 бап.**

**KASE\_BM сериясы индикаторларының өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы қандай да бір атаудағы облигациялар құнының үлесін есептеу**

1. Осы бапқа сәйкес есептелетін KASE\_BM сериясы индикаторларының өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық құнындағы қандай да бір атаудағы облигациялар құнының үлесі KASE\_BM сериялы индикаторларының өкілетті тізіміндегі осы атаудағы облигациялар үшін  $\overline{BR}_i$  шектеу коэффициентін есептеу кезінде пайдаланылады.

2. KASE\_BM сериясы индикаторларының өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы қандай да бір атаудағы облигациялар құнының үлесі екі кезеңде есептеледі:

- 1) бірінші кезеңде:

осы атаудағы облигация құнының үлесі ( $w_i$ ) осы атаудағы облигацияны шығарған эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигацияларының жиынтық құнында мынадай формула бойынша есептеледі:

$$w_i = \frac{IB_i}{\sum_{i=1}^n IB_i}, \text{ мұнда}$$

$IB_i$  – осы баптың 3 тармағына сәйкес анықталған осы атаудағы облигациялардың жиынтық "таза" нарықтық құны, теңгемен;

$n$  – осы атаудағы облигацияны шығарған эмитент облигацияларының өкілетті тізіміндегі атаулар саны;

- 2) екінші кезеңде:

осы Әдістеменің 13 бабының 2 және 4 тармақтарына сәйкес анықталған, эмитенттің аралық коэффициентін ескере отырып, осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген формула бойынша осы атаудағы облигацияны шығарған эмитенттің өкілетті тізімдегі барлық облигацияларының жиынтық құнындағы осы атаудағы облигациялар құнының үлесі есептеледі.

3. Қандай да бір атаудағы ( $IB_i$ ) облигациялардың өкілетті тізіміндегі жиынтық "таза" нарықтық құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$IB_i = P_{i,t} \times Q, \text{ мұнда}$$

$P_{i,t}$  – осы Әдістеменің 8 бабының 9 тармағына сәйкес анықталған және бір облигацияның номиналды құнынан пайызбен

- көрсетілген соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша осы атаудағы бір облигацияның баға белгілеу бағасы;
- Q – осы атаудағы облигациялардың саны.

13 бап.

**KASE\_VM сериялы өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы қандай да бір эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигацияларының жиынтық құнының үлесін есептеу**

1. Бір эмитенттің облигацияларының жиынтық құнының KASE\_VM сериясы индикаторларының өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы үлесі бір эмитенттің WRI аралық коэффициенті ретінде пайдаланылады.
2. Облигациялары KASE\_VM сериялы индикаторлардың өкілетті тізіміне енгізілген бір эмитенттің аралық коэффициенті бір немесе бірнеше кезеңмен келесідей есептеледі:

1) бірінші кезеңде:

осы баптың 3 тармағына сәйкес осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигацияларының жиынтық құнының үлесі KASE\_VM сериялы индикаторларының өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық құнымен есептеледі;

алдыңғы абзацқа сәйкес алынған үлес соңғы есептелген  $W_{i\max}$  максималды мәнінен асып кетсе, онда эмитенттің аралық коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне өту жүзеге асырылады;

Эмитенттің үлес салмағының максималды мәні ретінде ( $W_{i\max}$ ) мынадай формула бойынша есептелген неғұрлым үлкен бүтінге дейін дөңгелектелген мән қабылданады:

$$W_{i\max} = \frac{100\%}{n} + 5\%, \text{ мұнда}$$

n – облигациялары өкілетті тізімде тұрған эмитенттердің саны;

2) екінші кезеңде:

бір эмитенттің аралық коэффициенті (WRI) мына формула бойынша есептеледі:

$$WRI = \frac{W_{i\max}}{(1-W_{i\max}) \times \text{SUM}_i} \times (\sum_{i=1}^n \text{SUM}_i - \text{SUM}_i), \text{ мұнда}$$

$W_{i\max}$  – осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялар құнының пайызбен көрсетілген (осы баптың 2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес) өкілетті тізімнің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы жиынтық үлесінің максималды мәні;

n – облигациялары өкілетті тізімде тұрған эмитенттердің саны;

$\text{SUM}_i$  – осы баптың 4 тармағына сәйкес анықталған және теңгемен көрсетілген бір эмитенттің алдыңғы аралық коэффициентін пайдалана отырып, осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигацияларының жиынтық нарықтық құны;

3) үшінші кезеңде:

екінші кезеңде есептелген бір эмитенттің аралық коэффициентінің мәніне сүйене отырып, осы баптың 3 тармағына сәйкес KASE\_VM сериялы индикаторлардың өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы бір эмитенттің барлық облигацияларының жиынтық құнының үлесі қайтадан есептеледі;

бір эмитенттің барлық облигацияларының жиынтық құнының алынған үлесі KASE\_BM сериялы индикаторларының өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнында соңғы есептелген максималды мәннен асып кетсе, онда бір эмитенттің аралық коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне кезекті көшу жүзеге асырылады;

- 4) бір эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигацияларының жиынтық құнының аралық коэффициентін есептеудің екінші және үшінші кезеңдері бір эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигацияларының жиынтық құнының үлесі KASE\_BM сериялы индикаторлардың барлық облигацияларының жиынтық құнында соңғы есептелген Wimax мәнінен кем немесе тең болғанға дейін қайталанады;
  - 5) қандай да бір эмитенттің WRI аралық коэффициенті осы эмитенттің осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес есептелген барлық аралық коэффициенттерінің туындысы болып табылады.
3. KASE\_BM ( $W_i$ ) сериялы индикаторлардың өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық құнындағы осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық құнының үлесі мынадай формула бойынша есептеледі::

$$W_i = \frac{\text{SUM}_i}{\sum_{i=1}^n \text{SUM}_i}, \text{ мұнда}$$

$\text{SUM}_i$  – осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигацияларының осы баптың 4 тармағына сәйкес анықталған және теңгемен көрсетілген жиынтық нарықтық құны;

$n$  – облигациялары өкілетті тізімде тұрған эмитенттердің саны.

4. Осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигацияларының жиынтық нарықтық құны:

$$\text{SUM}_i = \sum_{t=1}^n (Q \times P_{i,t}) \times \text{WRI}, \text{ мұнда}$$

$P_{i,t}$  – осы Әдістеменің 8 бабының 9 тармағына сәйкес анықталған соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша қандай да бір атаудағы бір облигацияның баға белгілеу бағасы бір облигацияның номиналды құнынан пайызбен;

$Q$  – осы эмитенттің қандай да бір атауы облигацияларының саны;

$\text{WRI}$  – осы баптың 2 тармағының 2) тармақшасына сәйкес есептелетін бір эмитенттің аралық коэффициенті (бір эмитенттің аралық коэффициентін есептеудің бірінші кезеңіндегі бірлікке тең деп қабылданады).

#### 4 тарау. ОСЫ ӘДІСТЕМЕГЕ ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРТУЛЕР ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

##### 14 бап. Осы Әдістемеге енгізілетін өзгертулер және/немесе толықтырулар

1. Әдістеме, сондай-ақ оған барлық өзгерістер мен толықтырулар Биржа Басқармасының шешімімен бекітіледі және Биржа Басқармасы белгілеген күннен бастап күшіне енеді.
2. Осы Әдістемеге өзгерістер және/немесе толықтырулар, оның ішінде индекстер мен индикаторлар есептерінің өзгерістері енгізілген жағдайда, қайта кеңескен тұлғалармен консультацияларға жол берілуі мүмкін.

Мүдделі тұлғалармен консультациялар көзбе-көз немесе сырттай талқылаулар мен консультациялар жүргізу арқылы жүзеге асырылады, талқылау нәтижелері шешімдер қабылдау кезінде олардың пікірін ескеру үшін Комитетке ұсынылады.



3. Өзгертулер және/немесе толықтырулар ескеріле отырып, , редакциялық және/немесе нақтылау сипатындағы және төменде тізілгендердің тәртібіне әсер етпейтін өзгертулерді және/немесе толықтыруларды қоспағанда, бекітілген Әдістеменің мәтіні осы өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік үш күн бұрын Биржаның интернет-ресурсында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) орналастырылуға жатады:
  - индекстерді және/немесе индикаторларды есептеу;
  - параметрлері индекстерді және/немесе индикаторларды есептеу мақсатында пайдаланылатын бағалы қағаздардың өкілетті тізімдерін қалыптастыру;
  - индекстерді және/немесе индикаторларды есептеу мақсатында пайдаланылатын бағалы қағаздардың параметрлерін анықтау.

**15 бап. Индекстер мен индикаторларды есептеуді тоқтату**

1. Индекстерді немесе индикаторларды есептеу тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ индекстерді немесе индикаторды есептеуге өзгерістер енгізілген жағдайда немесе нарық құрылымының өзгеруіне байланысты немесе индекстер мен индикаторлардың олар өлшейтін көрсеткішке қатысты репрезентативтілігіне әкеп соғатын мән-жайлар бойынша өзге де мән-жайлар бойынша Комитет осындай қолданыстағы индикатор әрекет ететін бір жылдан аспайтын өтпелі кезеңнің ұзақтығын анықтайды.
2. Қажет болған жағдайда, Комитет жаңа индикаторға жоспарлы көшуді жүзеге асыру үшін қатар индикаторларды енгізе алады (мысалы, егер бұл мүмкін болса, қолда бар келісімшарттар мен қаржы құралдарымен мәмілелер оны пайдалана отырып, бір мезгілде жаңа индикаторды жариялай отырып орындалуы үшін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қолданыстағы индикаторды есептей алады). Қолайлы баламаны анықтау мүмкін болмаған жағдайда индикаторды есептеу жаңасын қабылдағанға дейін уақытша тоқтатылады.
3. Баламалы индексті немесе индикаторды таңдау және оған көшу процесіне конкурстық негізде сайланатын басқа ұйым-консультант тартылуы мүмкін. Биржа қандай да бір көрсеткіштерді анықтау кезінде немесе өзге мақсаттарда индикаторларды пайдаланатын мүдделі тұлғаларға мыналарды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауды ұсынуы тиіс:
  - 1) индекске немесе индикаторға сілтеме жасайтын келісімшарттарда немесе басқа да қаржы құралдарында, олар сілтеме жасайтын, индекс ті немесе индикаторды есептеудің елеулі өзгерістері немесе күшін жою жағдайында ойластырылған баламалы қағидалардың болуы;
  - 2) ақша және қор нарықтарына қатысушылардың әртүрлі факторлар, оның ішінде Биржаға тәуелді емес сыртқы факторлар индексті немесе индикаторды елеулі өзгерту қажеттілігіне алып келуі мүмкін ықтималдығының болуы туралы хабардар болуы.

**15-1 бап. Бақылау және аудит жүйесі**

1. Комитет Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитет туралы қағиданың 2 қосымшасына сәйкес Комитетке қажетіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет ұсынылатын индекстер бөлімшесінің есептерін қарау арқылы индекстер мен индикаторларды қалыптастыру, тарату процесін және осы Әдістеменің өзектілігін бақылаудың тиісті жүйесін қамтамасыз етеді.
2. Осы Әдістеме қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу және тарату процесін құжаттамалық ресімдеу болып табылады.
3. Уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сұрау салуы бойынша Биржа қор нарығының индекстері мен индикаторларын

есептеу және тарату тәртібі туралы толық ақпаратты, сондай-ақ индекстер мен индикаторлардың мәндері туралы мәліметтерді ұсынады.

4. Комитет индекстер мен индикаторларды қалыптастыру және тарату процесінде мыналарды қамтамасыз етеді:
  - 1) Биржа мен Биржа нарығына қатысушылар болып табылатын мүдделі тараптар арасындағы мүдделер қақтығысын реттеу;
  - 2) индекстер мен индикаторды қалыптастыру процесінің адалдығы мен тиісті сапасы, атап айтқанда индекстер мен индикаторларды қалыптастыру үшін дұрыс кіріс деректерін ұсынуды ынталандыру жөніндегі шаралар, олардың көздерін тиісті тексеруді қоса алғанда, есеп берушілік механизмдерінің тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар, операциялық тәуекелдерді қоса алғанда, сапалы инфрақұрылымды, тәуекелдерді басқару саясаттары мен процедураларын қамтамасыз ету, сондай-ақ индекстер мен индикаторларды есептеу әдістемесін нарық қатысушыларымен келісу жөніндегі іс-шаралар;
  - 3) ақша және қор нарықтарының индикаторларын есептеу және әдіснамасы саласында кәсіби білімі бар қызметкерлермен индекстер мен индикаторларды қалыптастыруы.

*(Осы бап Биржа Басқармасының 2023 жылдың 15 тамызындағы шешімімен енгізілген)*

## **5 тарау. ИНДЕКСТЕР МЕН ИНДИКАТОРЛАРҒА ҚАТЫСТЫ КОМИТЕТТІҢ АЙРЫҚША ӨКІЛЕТТІКТЕРІ**

### **16 бап. Индекстер мен индикаторларға қатысты Комитеттің айрықша өкілеттіктері**

1. Осы Әдістемеді белгіленген өкілеттіктерден басқа, Комитет индекстер мен индикаторлардың мәндерін олардың есептеулерінен Комитеттің пікірі бойынша осы мәндерге (мысалы, орындалмаған мәмілелердің, жасалуы кезінде техникалық қателіктер жіберілген мәмілелердің, мәмілелердің немесе бағалары тиісті бағалы қағаздар бағасының нарықтық жай-күйіне және/немесе нарықтық динамикасына анық сәйкес келмейтін өтінімдердің) репрезентативтік емес әсер ететін (ықпал еткен) мәмілелердің және/немесе өтінімдердің параметрлерін Алып тастау арқылы түзетуге құқылы.

Комитет қандай да бір индикатордың есебінен қандай да бір мәміленің немесе өтінімнің (қандай да бір мәмілелердің және/немесе өтінімдердің) параметрлерін алып тастау туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы индикаторды тиісті қайта есептеу осы индикатордың репрезентативтік емес мәні алынған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Индекстер мен индикаторлардың көрсетілген мәндерінің репрезентативтілігі мен барабарлығына теріс әсер ететін мән-жайлар туындаған жағдайда Комитет индекстер мен индикаторлардың көрсетілген мәндерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін кез келген іс-қимыл жасауға, оның ішінде индекстер мен индикаторларды есептеу үшін өкілетті тізімдерді кезектен тыс қайта қарауға құқылы.

Нарық жай-күйінің өзгеруіне байланысты емес және осы Әдістемеді көзделмеген, бірақ қандай да бір индекстің немесе индикатордың мәніне елеулі әсер еткен техникалық іркіліс немесе стандартты емес жағдай туындаған жағдайда Комитет осы Әдістемеді анықталған шектеу немесе түзету коэффициенттерін кезектен тыс есептеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Комитет өзінің ерекше өкілеттіктерін осы баптың 1 тармағына сәйкес пайдаланған кезде, оның отырысының хаттамасында осы өкілеттіктерді

пайдалану себептері және осы өкілеттіктерге сәйкес өзі қабылдаған іс-әрекеттер көрсетілуі тиіс.

**17 бап. Тұжырымды қағидалар**

1. Осы Әдістеме Биржаның интернет-ресурсында жариялануы тиіс.
2. Осы Әдістемеге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды уақтылы енгізу (өзектілендіру) үшін жауапкершілік Биржадағы индекстер мен индикаторларды есептеуді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшеге жүктеледі.
3. Осы Әдістеменің өзектілігінің мониторингі қажеттілігіне қарай, бірақ бір жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А.Ө.